



**№ 4 (40)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 20 жылдығына арналған салтанаттық жиналыстағы ҚР Әділет министрі Б.М. Имашевтың сөйлеген сөзі	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	11
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Президенттің Жүз қадамын жүзеге асыру аясындағы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті жетілдірудің негізгі бағыттары	11
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Заңды процестер қазіргі құқықтық интеграцияның негізгі құрамдас бөлігі ретінде.....	18
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	25
В.Т. ҚОНЫС Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердегі банк омбудсманы.....	25
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ШӘМШЕКБАЕВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша рента шартын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	33
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Шарттық міндеттемелер бөлігіндегі азаматтық заңнаманы жетілдіру (жалпы ережелер және мүлікті беру туралы шарттық міндеттемелер)	39
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	44
А.Қ. ҚАНАТОВ Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруды (жылыстатуды) жіктеу проблемасы (жаңашылдықты мониторингілеу)	44
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу барысында Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодексін қолданудың кейбір мәселелері	49
А.К. КҰРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ Кепілдегі мүлікке тыйым салудан босату, оның ішінде қылмыстық процесте тыйым салудан босату туралы, азаматтық талап қоюды қараудың құқықтық аспектілері	54
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	61
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, Қ.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Халықаралық құқықтық құжаттардағы терроризм тақырыбы: оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар).....	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАЙЫРОВА Еуропалық Одақтағы шешімдер қабылдау тетіктерінің өзекті ережелері	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетудің құқықтық базасын жетілдіру мәселелері	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Қосарланған салық салудан жалтарудың кейбір мәселелері туралы	84
Құқықтық мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Құқықтық мониторинг Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұрғысынан: теориялық-талдау аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Ғ. ҚАЗИЕВ Заңнама тиімділігін зерттеудің шетелдік тәжірибесі	92
Ә.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторингінің теоретикалық аспектілері	96
Е.А. ДҮЙСЕНОВ, О.Қ. ҚАРАҚОЖАЕВ Қазақстан Республикасында қоғамдық ұйымдардың құқықтық мониторинг жүргізуге қатысуы	101
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МҮШАНОВ Ұлттық заңнамадағы терминология мәселелері	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Заңнамада терминнің атқаратын рөлі	110
А.А. МЕДИНАЕВА Қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктері	114
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалылығы мәселелері	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Аударма тіліндегі терминдер мәселелері	123
Шетелдік тәжірибе	127
О.В. БЕЛЮСОВА (Мәскеу қ.) Еуропалық Одақтың Латын Америка мемлекеттерімен халықаралық экономикалық қарым-қатынасы	127
Жас ғалым мінбері	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Тиімді салық саясаты және шағын бизнесті дамыту – өзара әрекеттесудің баламалы жолдары	134
Е.К. АХМЕТОВ Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторинг туралы	139
А.С. ӘБДІКӘРІМОВА Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықтың қазіргі жай-күйі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеудің проблемалары.....	144
Ә. ЖҰМАБЕКОВА Еуропалық Одақтағы халықаралық шарттарды әзірлеу мен жасау және Ұлыбританияның Одаққа қатысты «ерекше рөлі»	149
Ж.А. МАМИТОВА Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттарды жіктеу туралы	155
Ж.Б. УӘЛИЕВА Заманауи қылмыстық құқықтық саясат қағидаларына сай отандық заңнамада кінә ұғымын бекіту мәселелері	161
Ә.Қ. ҚАПЫШЕВА Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік реформалау халықаралық тәжірибесі	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзудың мазмұны мен жалпы сипаттамасы	172
Ж. МУСИНА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы мүлікті тәркілеу: құқықтық реттеудегі жаңа ұстанымдар	177
Д.Б. БАЙСАҒАТОВА Қазақстан Республикасының халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдағы рөлі	183
Т.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ұйымдар және олардың қызметі. Құқықтық аспектілер	189
А.М. МАТЫШОВА Жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық реттелу мәселелері	193
Б.Н. ТӘЖІБАЕВ Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік белгілері	199

<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	207
2015 ж. 5-6 қарашада Астана қ. өткізілген «Әкімшілік акт: шығару, мазмұны және дау айту» тақырыбында әкімшілік құқық бойынша алтыншы халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	207
<i>Даналық ойлар</i>	213





**№ 4 (40)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Приветственное слово Министра юстиции РК Б.М. Имашева на торжественном собрании, посвященном 20-летию Конституционного Совета Республики Казахстан.....	9
Конституционное и административное право	11
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Основные направления совершенствования государственной службы в Республике Казахстан в свете реализации 100 шагов Президента	11
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ Юридические процессы как составляющая основа современной правовой интеграции	18
Гражданское и гражданско-процессуальное право	25
В.Т. КОНУСОВА Банковский омбудсман в Республике Казахстан и в зарубежных странах	25
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ШАМШЕКБАЕВ Некоторые вопросы правового регулирования договора ренты по законодательству Республики Казахстан	33
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Совершенствование гражданского законодательства в части договорных обязательств (общие положения и договорные обязательства о передаче имущества)	39
Уголовное право и уголовный процесс	44
А.К. КАНАТОВ Проблема квалификации отмыывания денег и (или) иного имущества, полученных преступным путем (мониторинг нововведений)	44
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Некоторые вопросы применения норм УК и УПК при расследовании преступлений коррупционной направленности	49
А.К. КУРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАГУЛОВ Правовые аспекты рассмотрения гражданских исков об освобождении имущества, находящегося в залоге, от ареста, в том числе и в уголовном процессе	54
Международное право и сравнительное правоведение	61
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Тема о терроризме в международно-правовых документах: предложения по их усовершенствованию)	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАИРОВА Актуальные положения механизмов принятия решений в ЕС	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Вопросы совершенствования правовой базы оказания взаимной правовой помощи по уголовным делам	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ О некоторых вопросах избежания двойного налогообложения	84
Правовой мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Правовой мониторинг в контексте правовой политики Республики Казахстан: теоретико-аналитический аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Г. КАЗИЕВ Опыт зарубежных стран по изучению эффективности законодательства	92
А.Г. КАЗБАЕВА Теоретические аспекты общественного мониторинга нормативных правовых актов	96
Е.А. ДЮСЕНОВ, О.К. КАРАКОЖАЕВ Участие общественных организаций в проведении правового мониторинга в Республике Казахстан	101
Из практики законодательства на государственном языке	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МУШАНОВ Вопросы терминологии в национальном законодательстве	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Роль термина в законодательстве	110
А.А. МЕДИНАЕВА Языковые недочеты действующего законодательства	114
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Вопросы аутентичности текстов международных договоров	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Проблемы терминологии в переводческом деле	123
Зарубежный опыт	127
О.В. БЕЛОУСОВА (г. Москва) Международное экономическое сотрудничество ЕС с государствами Латинской Америки	127
Трибуна молодого ученого	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Эффективная налоговая политика и развитие малого бизнеса – альтернативные пути взаимодействия	134
Е.К. АХМЕТОВ Об общественном мониторинге нормативных правовых актов	139
А.С. АБДИКАРИМОВА Современное состояние коррупции и проблема расследования коррупционных правонарушений в Республике Казахстан	144
А. ЖУМАБЕКОВА Разработка и заключение международных договоров в Европейском Союзе и «особая роль» Великобритании по отношению к союзу	149
Ж.А. МАМИТОВА К вопросу о классификации международных антикоррупционных документов	155
Ж.Б. УАЛИЕВА Проблемы определения вины в отечественном законодательстве, соответствующей принципам современной уголовно-правовой политики	161
А.К. КАПЫШЕВА Международный опыт реформирования государственно-частного партнерства	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Содержание и общая характеристика нарушения экологических требований к хозяйственной или иной деятельности	172
Ж. МУСИНА Конфискация имущества в уголовном законодательстве республики казахстан: новые подходы в правовом регулировании	177
Д.Б. БАЙСАГАТОВА Роль Республики Казахстан в противодействии международному терроризму и экстремизму	183
Т.Б. ЖУМАГУЛОВ Международные организации и их деятельность в области обеспечения безопасности воды. Правовые аспекты	189
А.М. МАТЫШОВА Вопросы правового регулирования негласных следственных действий	193
Б.Н. ТАЖИБАЕВ Объективные признаки медицинских уголовных правонарушений	199

Информационные сообщения	208
Информационное сообщение о шестой международной научно-практической конференции по административному праву на тему: «Административный акт: издание, содержание и оспаривание» 5-6 ноября 2015 года в г. Астана	208
Мудрые мысли	213





Матышова Айгерім Мардатайқызы,
Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының докторанты

ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық процестік кодексінің талаптарына сәйкес қылмыстық процестің міндеттері қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау болып табылады (ҚР ҚПК 8 б.).

Қазақстан Республикасының ҚПК 30 Тарауы «Жасырын тергеу әрекеттері» - осы міндеттерді шешу мақсатында көрініс тапқан. Аталмыш жаңа институт Ішкі істер органдарының тәжірибелік бөліністерінің күнделікті қызметіне енгізіліп үлгерсе де, ғылыми-теориялық тұрғыда жан-жақты зерделеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының ҚПК-де жасырын тергеу әрекеттерінің келесідей түрлері қамтылған: адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау (242 б.); электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу (243 б.); абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу (244 б.); компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу (245 б.); пошта жөнелтілімдері мен өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау (246 б.); орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу (247 б.); адамды немесе орынды жасырын байқауға алу (248 б.); жасырын бақыланатын жеткізілім (249 б.); жасырын бақыланатын сатып алу (250 б.); жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық

әрекетті имитациялау (251 б.).

Аталмыш кодекстің 7 бабының 12 тармағына сәйкес жасырын тергеу әрекеттері осы Кодексте көзделген құқықтық тәртіпте және мақсатына сай жағдайларда сотқа дейінгі іс жүргізу үдерісінде қылмыстық процеске тартылған тұлғаларға хабарлаусыз жүргізіледі.

Жаңа институттың пайда болуымен қылмыстық процеске дәлелдемелер алу тәртібі маңызды тұрғыда кеңейді, сонымен қоса жедел-ізвестіру қызметінің және қылмыстық процестің өзара байланысы да өзгерістерге душар болды.

Қылмыстық-процестік кодекске жасырын тергеу әрекеттерін сотқа дейінгі тергеп-тексеру үдерісінде өткізілетін бөлек процестік әрекеттер институты ретінде қарастырған жөн деп санаймыз.

2014 жылғы 04 шілдедегі №233-V Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңына енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес осы заңның 2-бабынан «Қылмыстарды ашу» міндеті алынып тасталған және Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінде шоғырланғанын атап айтқан жөн. Аталмыш өзгеріс жасырын тергеу әрекеттері сипатындағы жаңа институттың енгізілуімен байланысты, сондықтан, біздің ойымызша, тергеу бөліністерінің жауапкершілігі де артты. Бұрын бұл міндеттер жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдарымен орындалып келген. Демек, қазіргі уақытта «Жедел-ізвестіру қызметі» туралы заңда қылмыстарды анықтау, алдын алу және бұлтартпау міндеттері қалды [1].

Қылмыстық-процестік кодексте тергеудің жасырын құралдары мен әдістерінің бекітілуі отандық заңнамалардың жаңаланғанын емес және оның шетелдік қылмыстық процеске ұқсастырылғанын байқатады. Осылайша, ГФР қылмыстық-процестік кодексінде жасырын

дыбыс жазу, телефон байланыстарын тыңдау және хат алмасуды бақылауы қарастырылған. Ал, 1993 жылы Германияның қылмыстық-процестік кодексіне жасырын суретке түсіру және портретті салу, арнайы құралдарды қолдану, аудио-видео бақылау түріндегі әрекеттер қосылған. ГФР қылмыстық-процестік кодексінде алғаш рет жедел жұмыс туралы айтылған болатын. Тіпті, ГФР қылмыстық-процестік кодексінің 100 бабында жасырын көмекшілер мәртебелері туралы сөз қозғалған. Осы әрекеттерді дәлелдемелер ретінде тану тәртібі ГФР Жоғарғы сот талқылауының заты болып есептелген [2].

Нақтылап айтқанда, аталмыш институт бізге мүлдем жаңа емес. Өйткені, жасырын тыңдау мен телефон арқылы және басқа да байланыстарды жазу 1992 жылғы Қазақ КСРО қылмыстық іс жүргізу кодексінде де қарастырылған еді [3].

«Құпиялық» терминін түсіндірмелік сөздіктерді саралай зерттесек, ең қызығы, ол ешбір жарық көрген әдебиет қайнар көздерінде толық тұрғыда қарастырылмаған, тек С.И. Ожегов және Н.Ю. Шведова ғалымдардың түсіндірмелік сөздігінде «құпиялық» термині белгілі бір жағдайлармен танысуға және оларды талқылауға қоғамның қолжетімсіздігін білдіреді делінген [4]. Басқа да жағдайларда, «құпиялық» термині «құпия», «жасырын» сын есімдері арқылы «басқаларға белгісіз», «айқын емес», «мәні бойынша құпия» ретінде анықталады [5]. Яғни, құпия – бұл бөгделерден жасырылған, құпияда сақталған деген мағынаны білдіреді.

Құпиялық сипаты негізінен жедел-іздістіру қызметіне тән. Сондықтан да, жасырын тергеу әрекеттерінің қажеттіліктерін түсіну үшін, жедел-іздістіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерінің ұқсастықтары мен айырмашылығын талқылаған жөн.

Осы жағдайда, көптеген жедел-іздістіру іс-шараларының басым бөлігіне ресми процессуалдық мәртебе беру жолымен жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы жедел бөліністерді процессуалдық құқықтық шеңберге енгізу туралы мәселе қызығушылық тудырады.

Жедел-іздістіру іс-шараларының нәтижелері көбінесе дәлелдемелер болып табылмайды және олардың қайнар көздеріне шығу мақсатында ғана қолданылады, ал жасырын тергеу әрекеттері дәлелдемелерді жинау және тексеруге бағытталған.

Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық-процестік кодексінің «жасырын тергеу әрекеттері» атты 30 тарауына қатысты

танымал криминалист, профессор А.Я. Гинзбург аталмыш институттың мүлдем алынып тасталғаны жөн деп санайды [6].

Профессор А.Н. Ахпанов жалпы құқықтық табиғаты бойынша заманауи жасырын тергеу әрекеттерінің жалпы тізімін екі есе қысқартып, тек қана келесілерді қалдырған жөн деп санайды: адамды немесе орынды жасырын аудио-және (немесе) бейнебақылау (242 б.); электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу (243 б.); абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу (244 б.); компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу (245 б.). Сол уақытта Қылмыстық-процестік кодекстен келесі жасырын тергеу әрекеттерін алып тастауды ұсынады: 1) орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу; 2) адамды немесе орынды жасырын байқауға алу; 3) жасырын бақыланатын жеткізілім; 4) жасырын бақыланатын сатып алу; 5) жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау, өйткені олардың нәтижелерінде әдетте ауызша ақпарат болып қалады. Алынып тасталуға ұсынылған жасырын тергеу әрекеттері дәлелдеудің жедел-процессуалдық нысанын анықтамайды, ол жасырын тергеу әрекеттерін өткізу уақытында тергеушінің тапсырысы шегінен шығатын жедел-іздістіру қызметінің тактикасы болады [7].

Б.М. Нұрғалиев, К.С. Лақбаев, А.К. Құсайынованың ой-пікірлері бойынша, екі, бірақ өзара біріккен, қылмыстық әділеттің жекелеген функцияларының бірігуі осы жаңа новелланың негізгі ойы болды. Дәлелдемелерді алу мүмкіндігін кеңейту мақсатында, әсіресе ауыр қылмыстар бойынша, мысалы ұйымдасқан қылмыстармен байланысты жедел-іздістіру қызметі және тікелей қылмыстық процестің функцияларымен бірігуі көзделген. Осылайша, қылмыстық қудалау органы жүзеге асыратын жасырын тергеу әрекеттерінің құпиялық шектерін максималды түрде нақтылап анықтап алған жөн деген көзқарастары көрініс алады [8].

Ал, Б.Х. Төлеубекованың пікірінше, жедел-іздістіру шаралары жаңа Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексіндегі «жасырын тергеу әрекеттері» деп аталған, бірақ мәні бойынша тергеу әрекеттері болып табылмайды. Олардың жүзеге асырылуына

бастамашы тек қана тергеуші болады, оларды зерттейді, зерттеудің нәтижелері бойынша хаттама толтырылады (264 б. 1 т.). Жасырын тергеу әрекеттері өзінің табиғаты бойынша жедел-ізвестіру іс-шаралары бола тұра, заңмен емес, ведомстволық нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Жасырын тергеу әрекеттерінің санаттарына жатқызылған жедел-ізвестіру іс-шаралары («құпия» болса да) өзімен-өзі жасырын тергеу әрекеттері институтына лайықты белгілер жүйесі туралы дәстүрлі көріністі бұзады [9].

А. Банчук та халықаралық стандарттарға сәйкес жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде адамның құқықтарын қорғау бойынша заңнаманы жетілдірумен байланысты бірқатар тұжырымдар белгіледі. Оның ой-пікірі бойынша, соттың рұқсатымен ғана өткізілетін жасырын тергеу әрекеттерінің санын маңызды тұрғыда көбейткен жөн. Қандай да болмасын жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру мерзімін дәл және нақты анықтау қажет. Тұлға аяқталған жасырын тергеу әрекеттері бойынша өзіне қатысты жиналған құжаттармен танысуына тыйым салу мүмкіндігі үшін заңнамалық деңгейде негіздемелердің жан-жақты тізімін нақты жүйелеу қажет [10].

Украинаның бірқатар ғалымдардың пікірлеріне сай, нақты айтсақ, В. Уваров осы институтта маңызды кемшіліктер бар деп белгілейді. Біріншіден, кейбір жасырын тергеу (ізвестіру) әрекеттерінің реттелуі адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектеу арқылы жүзеге асырылады. Екіншіден, кейбір жасырын тергеу (ізвестіру) әрекеттері тиісті жүйесіздікпен, қайталанумен және құқықтық нормалардың бәсекелестігімен орындалады. Үшіншіден, сенімді дәлелдемелерді алуға кепіл болатын және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын жасырын тергеу (ізвестіру) әрекеттері институты процессуалдық тұрғыда қажетті деңгейде толық сипатталмаған [11].

М.А. Михайлов болса, жасырын қызметті жүзеге асыру бойынша тергеушілерге білімін

арттыру мақсатында жедел-ізвестіру қызметінің жетістіктері мен кемшіліктерінің толық тәжірибесін қолдануды ұсынады. Тергеушінің жасырын жұмысын заңнамалық деңгейде бекіту үшін қылмыстық процесс, криминалистика, сонымен қоса ЖІҚ және арнайы техника салалары бойынша жедел ойлау қабілеттерін талап етеді және аталмыш қызметті орындау бойынша негізделген, түсінікті, заңдылықта күмән келтірмейтіндей ұсыныстар болуы тиіс екенін ескерткен [12].

Ю.М. Грошевый жасырын тергеу (ізвестіру) әрекеттері өзінің спецификасы бойынша осы әрекеттерді жүзеге асыруға қатысты түсініктемені тергеушіге ұсыну қажет деп белгілейді. Бірақ ол қылмыстық-процестік кодекстің шегінде мүмкін емес және оларды бөлек-бөлек үйлестірген жөн. Сонымен қатар бөлек реттелетін тергеулік және жедел-ізвестіру қызметін ажырату қажет екеніне ерекше көңіл аударған [13].

Ал, Н.А. Погорецкий болса, жасырын тергеу әрекеттері институтының енгізілген сәтінен бастап, қылмыстық сот өндірісін сүймелейтін жедел-ізвестіру қызметі институтының жойылғанына ерекше көңіл аударған. Нәтижесінде, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің органына және сотқа (қорқыту, параға сатып алу және басқа да жолдармен куәгерлер мен жәбірленушілерге әсер ету) әр түрлі қарсылық көрсететін күдіктілердің, айыпталушылардың және басқа да қызығушылық тудыратын тұлғалардың мүмкіндіктері кеңейтілген. Сонымен қоса, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру нысаны толығымен жетілмеген, яғни қылмыстық-процестік дәлелдеуде олардың нәтижелерін қолдануда қиыншылықтар туындайды деген әділ пікірін білдірген [14].

Жасырын тергеу әрекеттерінің басым бөлігі Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңының 11 бабында көрсетілген жедел-ізвестіру іс-шараларынан ішінара тұрғыдағы өзгерістермен алынған. Олардың жедел-ізвестіру іс-шараларынан алынғанын келесі кестеден айқын көруге болады: [9].

№	Жедел іздестіру іс-шараларының түрлері (11 б.)	Жасырын тергеу әрекеттерінің түрлері (231 б.)
1.	3 б., 3 т.: бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу; Бұл арнаулы ЖІШ. Прокурордың санкциясын талап етеді.	1 т.: адамды немесе орынды жасырын аудио-және (немесе) бейнебақылау; 3 т.: абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу;
2.	3 б., 4 т.: байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйлерінен және өзге де техникалық құралдардан ақпаратты алып тастау; Бұл арнайы ЖІШ. Прокурордың санкциясын талап етеді.	2 т.: электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу; 4 т.: компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу;
3.	3 б., 1 т.: почта-телеграф жөнелтілімдерін бақылау; Бұл арнайы ЖІШ. Прокурордың санкциясын талап етеді.	5 т.: пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау;
4.	3 б., 5 т.: жедел кіру; Бұл арнайы ЖІШ. Прокурордың санкциясын талап етеді.	6 т.: орынға жасырын кіру және (немесе) оны тексеру;
5.	2 б., 18 т.: байқау. Бұл жалпы ЖІШ.	7 т.: адамды немесе орынды жасырын байқауға алу;
6.	1 б., 6 т.: бақыланатын өнім беру. Бұл жалпы ЖІШ.	8 т.: жасырын бақыланатын жеткізілім;
7.	2 б., 10 т.: жедел сатып алу; Бұл жалпы ЖІШ.	9 т.: жасырын бақыланатын сатып алу;
8.	1 б., 3 т.: енгізу; 1 б., 4 т.: қылмыстық іс-әрекетті имитациялайтын мінез-құлық таныту. Бұл жалпы ЖІШ.	10 т.: жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау жүзеге асырылады.

Қорыта келгенде, осы саладағы мамандардың ұстанымдарын ғылыми-теориялық және тәжірибелік талдау нәтижесінде қазақстандық заңнамашының күш жүгерінің сапалығын жоғарыда аталып кеткен жасырын тергеу әрекеттері мен дәлелдеу процесінің ішкі істер органдарының тәжірибелік бөліністерінде заңды да толық жүзеге асырылуы көрсетеді.

Сонымен қоса, зерттелетін танымдық

құралдарын анализдеу кезінде қылмыстық процестік доктринасының басқа да өкілдері айтылған жаңашылық жүйесі туралы әр түрлі сапалы пікірлер мен тұжырымдамаларға келуі ықтимал, тіптен осы жедел-ізвестірудің сипаты мен процессуалдық танымдық күштердің әдістемелік үйлеспейтінділігі туралы зілді және бұлтартпайтын дәлел табуы мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңы.
2. Филимонов Б.А. Основы теории доказательств в германском уголовном процессе. - М.: «Спарк», 1994. - 157с. - С.155-156.
3. С. Абиш «Негласные следственные действия и их соотношение с оперативно-розыскной деятельностью» // Предупреждение преступности.-2012. - №2. - С. 55.
4. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка [Текст]. 2-е изд., испр. и доп. М., – 1995. – 621 с.], – Режим доступа: <http://poidslov.com/word>].
5. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, – 2000 [Электронный ресурс] — Режим доступа: <http://www.efremova.info/word/neglasnost.html>
6. См.: Гинзбург А.Я. Читая Проект Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан. О так называемых «негласных следственных действиях». Глава 31 Проекта УПК РК (от 28 февраля 2013 г.) (в порядке обсуждения) // <http://www.zakon.kz/> Право. Аналитика. 26 марта 2013 года
7. А.Н. Ахпанов, «Конструктивно-критический под ход к проекту новой редакции УПК Республики Казахстан» // Право и государство, № 3 (60), 2013.
8. Нургалиев Б.М., Лакбаев К.С., Кусаинова А.К. Казахстанский уголовный процесс: вчера, сегодня, завтра // Концепт. – 2014. – №04 (апрель).
9. Толеубекова Б.Х. Система следственных действий по проекту новой редакции уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан» // сборник Международная научно-практическая конференция «Современные взгляды на систему права» (20 апреля 2013 г.) г. Москва – 2013. - с.13.
10. Банчук А. «Начало досудебного расследования и негласные следственные действия в новом УПК Республики Казахстан: международные стандарты и практика их применения» // Настоящее заключение подготовлено Центром исследования правовой политики при технической поддержке Open Society Foundation. Мнения и взгляды, содержащиеся в заключении, не отражают точку зрения Open Society Foundation.
11. Уваров В., Система негласных следственных (розыскных) действий по УПК Украины («Законность», 2013, N 11).
12. Михайлов М.А. Негласная деятельность следователя: размышления о новациях УПК Украины 2012 г. // Воронежские криминалистические чтения: сб. науч. трудов. Вып. 15 / Под ред. О.Я. Баева. Воронеж: Изд-во Воронеж. гос.ун-та, 2013.-364 с. - С. 220-226.
13. Грушевый Ю.М. Шляхи вдосконалення судоустрою та судочинства України / Ю.М. Грушевий // науковий висник Дніпропетровського державного університету внутрішніх справ.- 2009.-№4.- С.193-203
14. Погорецький М.А. Негласні слідчі (розшукові) дії: проблеми провадження та використання результатів у доказуванні // Юрид. часопис Нац. акад. внутр. справ. – К., 2013. – № 1. – С. 270-277.



Осы мақалада жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық реттелу мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: жасырын, жасырын тергеу әрекеттері, жедел-ізвестіру қызметі, институт, анализ, құқықтық реттеу.

В данной статье рассматриваются вопросы правового регулирования негласных следственных действий.

Ключевые слова: негласный, негласное следственное действие, оперативно-розыскная деятельность, институт, анализ, правовое регулирование.

This article deals with the legal regulation of covert investigative actions.

Keywords: covert, cover investigative actions, operative-investigation activity, institute, analysis, legal regulation.

Айгерім Мардатайқызы Матышова,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының докторанты

Жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық реттелу мәселелері

Матышова Айгерим Мардатаевна,

докторант Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова

Вопросы правового регулирования негласных следственных действий

Matyshova Aigerim Mardataevna,

PhD student Karagandy Academy of MIA of the Republic of Kazakhstan named after B. Beysenov Karaganda, Kazakhstan

Questions of legal regulation of covert investigative actions

